

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Молдова Республикасының Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі министрлігі арасындағы Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі N 919 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Молдова Республикасының Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі министрлігі арасындағы Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Молдова Республикасының Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі министрлігі арасындағы Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Молдова Республикасының Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі министрлігі,

теңдік және өзара пайдалылық қағидаттарында ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарды дамытуға ұмтыла отырып,

Тараптардың мемлекеттері арасындағы нарықтық қатынастарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаудың қажеттігін атап көрсете отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өздерінің құзыреті шегінде және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес өзара пайдалылық негізінде Тараптар мемлекеттерінің ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі өнеркәсіп

саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстар орнатуға ықпал ететін болады.

2-бап

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты қолдайтын және дамытатын болады:

өсімдік шаруашылығы;
мал шаруашылығы;
ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру және автоматтандыру;
қайта өңдеу өнеркәсібі;
ауылды дамыту;
консультациялық қызметтер көрсету;
ғылыми зерттеулер.

3-бап

Тараптар арасындағы экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық мыналар арқылы жүзеге асырылатын болады:

өзара мүддені білдіретін ақпаратпен, нормативтік құқықтық кесімдермен, өнімнің стандарттарымен, үлгілерімен алмасу;

бірлескен ғылыми ізденістерді жүзеге асыру және оларды енгізу;
өсімдік шаруашылығында, мал шаруашылығында және қайта өңдеу өнеркәсібінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу;
бірлескен кәсіпорындар ашуға жәрдемдесу;

ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібі саласында ғылыми және экономикалық іс-шаралар туралы ақпаратпен өзара алмасу (жәрмеңкелер, көрмелер, семинарлар, конференциялар, симпозиумдер және басқада сол сияқты іс-шаралар ұйымдастыру);

мамандармен алмасу және өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша кездесулер ұйымдастыру;

өзара пайдалы ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің агро өнеркәсіптік кешенінің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында тікелей экономикалық байланыстар орнатуға жәрдем көрсету.

Осы Келісімді іске асыруға байланысты барлық шығыстарды Тараптар дербес көтереді.

4-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

5-бап

Осы Келісімге, Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бір жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірі кезекті бір жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын оны қолдануды тоқтату туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібермесе осы Келісімнің қолданылуы келесі бір жылдық кезеңдерге ұзартылады.

_____ жылғы "___" _____, _____ қаласында, әрқайсысы қазақ, молдован және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі
үшін
үшін*

*Молдова Республикасының
Ауыл шаруашылығы және
тамақ өнеркәсібі министрлігі*